

21.01.2018 ж.

## «Өлкенің дарабоздарыны»

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 ғылыми әмбебап кітапханасында 21 қаңтар күні ҚР Мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының Құрметті азаматы, баспасөзде жарты ғасыр қалтқысыз қызмет еткен Жақсылық Жүнісовтың 75 жас мерейтойына арналған «Өлкенің дарабоздарыны» тақырыбында персональды көрме ұйымдастырылды. Көрмеде Жақсылық Жүнісұлының шығармашылық еңбегі, ол туралы ұлт зиялыларының, әріптестерінің, оқырмандардың пікірлері, ақындардың әр кезеңде арнаған өлеңдері, кейіпкердің ел ішінде кеңінен тараған әзілдері қойылды.



Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары әдебиеттің проза саласында жарқырап көрінген танымал қаламгердің бірі Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, журналист Жақсылық Жүнісұлы 1943 жылғы 1-ші қаңтарда Қостанай облысы, Жангелдин ауданының Торғай селосында дүниеге келген. Әдебиетпен әркім әрқалай ауызданады дегендей. Торғай ауылында Үкісары әжесінің әсерлі әңгімесін тыңдап, үзілдіре айтатын әсем әуені де әлі күнге дейін құлағында. Өнерге деген құштарлығының артуының да бірден-бір себебі осы болса керек. Тамылжыта айтқан әже әңгімесі, төгілдіре салған әуені бала жүрекке ерекше әсер беріп, сырлы әлемге нәзік көзбен қарауға, оның өмірлік қаламды серік етуіне себепші болды десек те артық айтқандық емес. Торғай даласына білімнің алғашқы шамшырағын жаққан Ыбырай Алтынсаринның салдырған мектебінде білім нәрімен сусындаған ол осы мектептің

1961 жылғы түлегі. Білім қуған әдебиетке бейім жас өрен Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология және журналистика факультетіне түсіп, 1968 жылы журналист маманы болды.

Еңбек жолын 1961-1963 жылдар Жангелдин аудандық атқару комитетінің нұсқаушылығынан бастаған. Шығармашылық еңбек жолын Жангелдин аудандық «Жаңа өмір» (қазіргі Біздің Торғай) газетінде тілшілік өмірді бастаған небәрі жиырмадағы жастың өмірге деген құлшынысы ерекше еді.

Қатар ғұмыр кешіп келе жатқан Қостанай облысы мен Торғай облысының «Қостанай таңы» (бұрынғы «Коммунизм таңы»), «Торғай таңы» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары міндеттерін атқарды. Торғай облысы тарағалы («Қостанай таңы» газетінің Арқалық қаласы бойынша меншікті тілшісі болып күнге Бүгінге дейін қызмет атқарды.

2003 жылы астаналық «Елорда» баспасынан «Сыр сандық» атты кітабы шықты. Оған ұзақ жылдар бойы толтырған күнделігінен «Кеудесі жақсылардың алтын сандық» топтамасы енгізілген. Яғни, қазақ әдебиетінің ақсақалдары Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, сахна саңлақтары Елубай Өмірзақов, Манарбек Ержанов, Қанабек Байсейітов,

атақты сазгер Ахмет Жұбанов, ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан және басқалардың ерекше қасиеттері шағын штрихтармен бейнеленген.

Сондай-ақ бір бөлімге сатиралық туындылары орналастырылған. 2007 жылы «Дала дарабоздары» атты кітабы /Қостанайдағы «Шапақ» баспасы оқырмандардың қолына тиді. Атауынан айқын көрінгендей, мұнда әңгіменің желісі біріңғай ел ішіндегі талант иелеріне арналған. Өнер зерттеушісі Күләндә Бөкешева, ақын Әбжан Әбілтай, журналист Аңсаған Атымтаев, мүсінші Әбілбек Ұзақұлы т.б. жайлы ой-толғамдары соны айғақтайды.

Журналист-жазушы Жақсылық Жүнісұлының қазақ баспасөзіне сіңірген еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол «Еңбек ардагері» медалімен және Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Бүгінде ол Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қостанай облысы әкімі сыйлығының иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

1970 жылдың қараша айында Торғай облысы ашылғанда алғашқылардың бірі болып келген, қазіргі таңда Арқалық қаласында тұрады. Арқалық қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы мектеп-интернат басшылығының ұйғарымымен үш жыл журналистика пәнінен сабақ берген.

### Шығармалары:



#### **Қарымы бөлек қаламгер: толғамдар, пікірлер, арнау өлеңдер, қағымпапалар. - Қостанай: Шапақ, 2014.**

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сапар Әбілқәкімтегінің жинақтап, жарыққа шығарып отырған «Қарымы бөлек қаламгер» атты кітапқа ҚР Мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының Құрметті азаматы, баспасөзде жарты ғасыр қалтқысыз қызмет еткен журналист Жақсылық Жүнісұлының шығармашылық еңбегі жайлы ұлт зиялыларының, әріптестерінің, оқырмандардың пікірлері, ақындардың әр кезеңде арнаған өлеңдері, кейіпкердің ел ішінде кеңінен тараған әзілдері енген, сонымен қатар, осы мамандықты жүрегі қалаған жастарға үлгі тұтар тұстарын жеткізу көзделген.



#### **Жүнісұлы Ж. Жылдар жаңғырығы: сұхбат, ой-толғамдар, өлеңдер / алғы сөз жазғ.: С. Шүкірұлы. - Қостанай: Шапақ, 2012. - 192 б.**

«Жылдар жаңғырығы» - баспасөз қызметінде жарты ғасырға жуық уақыт бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан қаламгер, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Жақсылық Жүнісұлының үшінші кітабы. Мұнда автор әр саладағы мерейі үстем адамдардың гибратқа толы ғұмырын үлгі ғып ұсынады. Өмірдің күнгей жағынан көкейіне түйгендерін халықтың тезіне салады. Тағдыр тауқиметін тартқан жандардың жан-дүниесіне үңіледі. Әріптестерінің өздеріне тән болмысын айшықтайды. Әр кезеңде туындаған өлеңдерін назарға ұсынады.




#### **Жүнісұлы Ж. Топжарғандар туралы толғау: сұхбат, ой-толғамдар, мақалалар - Қостанай: Шапақ, 2016. - 212 б.**

Қазақстанның Құрметті журналисі, Арқалық қаласының Құрметті азаматы Жақсылық Жүнісұлының бұл кітабында әдебиет, дін қайраткерлерінің, құт-береке дарыған отбасыларының болмысын ашып көрсету, өзіндік ой-пікірлерін ортаға салу көзделге



**Жүнісұлы Ж. Дала дарабоздары: ой-толғамдар, естеліктер / алғы сөзін жазғ.: С. Әбдірайымұлы. - Қостанай: Шапақ, 2007.- 308 б.**

«Дала дарабоздары»- белгілі журналист Жақсылық Жүнісұлының екінші кітабы. Мұнда ол ғылыми пайымдаулары ел кәдесіне жараған ғалымдардың, әдеби туындылары мен оқырман жүрегіне жол тапқан ақын-жазушылардың, өнерімен абыройы аспандаған өндіріс шамшырақтарының өмірінен ой толғайды. Әріптестерінің өздеріне тән болмысын айшықтайды. Жұрттың көкейінде жүрген өзекті мәселелердің төңірегінен әңгіме қозғайды. Тағдыр тауқыметіне мойымаған адамдардың жан-дүниесіне үңіледі.



**Жүнісұлы Ж. Сыр сандық: ой-толғамдар, естеліктер және әңгімелер / алғы сөз жазғ.: Т. Қожакеев.- Астана: Елорда, 2003.- 232 б.**

Қарымды қаламгер Жақсылық Жүнісұлының «Сыр сандық» атты жинағы-оның ұзақ жылғы шығармашылық еңбегінің жемісі десе де болғандай. Кітапқа енгізілген мақаларында өзекті мәселелерді тілге тиек етеді, естеліктерінде біртуар таланттар шоғырының өмірінен сыр шертеді, ал шағын әңгімелерде адамдардың қилы тағдырлары баяндалады.

Кітап нақты деректерге құрылған, тілі көркем, тартымды.



**Жүнісұлы Ж. Табиғатпен егізбін...: [өлеңдер жинағы] / [алғы сөз жазғ.: С. Тұрғынбекұлы]. - Алматы: Тоғанай Т, 2014. - 64 б.**

Жақсылық Жүнісұлы белгілі жазушы-журналист. Республика баспасөзінің танымал ардагері. Жангелдин аудандық «Жаңа өмір», Қостанай облыстық «Қостанай таңы», «Торғай таңы» газеттерінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. «Сыр сандық», «Дала дарабоздары», «Жылдар жаңғырығы» деп аталатын ой- толғам, естелік, әңгіме кітаптары жарық көріп, оларды талғампаз оқырман жылы қабылдаған.

Жақсылық сонау алпысыншы жылдары лирикалық өлеңдерді жерлестері, қазақтың көрнекі ақындары Кеңшілік Мырзабеков, Серік Тұрғынбеков, Серікбай Оспановтармен қанаттас жүріп, қатар жазған. Сол уақытта жазылып, өзінің жеке мұрағатында ұзақ жылдар бойы

қозғаусыз сақталған айтары айшықты, ойы орамды, тартымды жырларын оқырман назарына ұсынып отыр. Сондықтан Ж.Жүнісұлының «Табиғатпен егізбін» жинағын парактасаңыз өкінбейсіз.

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, журналист Жақсылық Жүнісұлы ағамызды алдағы уақытта да еліміздің игілігі жолында табыстан табысқа жете беріңіз,-деп оқырмандар атынан тілек тілейміз.

## **Персональная выставка к 75-летию журналиста, писателя Жаксылыка Жунусова**

Для читателей библиотеки в ОУНБ № 2 в отделе абонемент развернута персональная книжная выставка «Өлкенің дарабоз дарыны», посвященная нашему земляку, журналисту Жаксылыку Жунусову. На выставке представлены книги журналиста и писателя, вышедшие в разные годы, а также газетные публикации самого журналиста и многочисленный материал о нем.

Все творчество Жаксылыка Жунусова, уроженца Тургая, неразрывно связано с мыслями о родной земле, об удивительных людях, живущих на этой священной земле. В этих книгах и газетных публикациях отражены все грани творчества Жаксылыка Жунусова. Его книги по-достоинству были оценены такими деятелями, как известный ученый Темирбек Кожакеев, литературный критик Сабыржан Шукиров, поэт Серик Тургынбеков и др.

Жаксылык Жунусов родился в 1943 году в п.Торгай Жангельдинского района Костанайской области. В 1968 году закончил факультет журналистики Казахского Государственного университета.

С 1963 года работал литературным сотрудником в областных газетах «Коммунизм таңы», «Торғай таңы» в должности зав. отделом, ответственным секретарем, заместителем редактора.

С 2008 года работает собственным корреспондентом областной газеты «Қостанай таңы».

Из-под пера писателя вышли в разные годы следующие книги: «Сыр сандық» (2003), «Ақ бұлақ» (2003), «Дала дарабоздары» (2007), «Жылдар жаңғырығы» (2012), «Қарымы бөлек қаламгер» (2014), «Табиғатпен егізбін» (2014), «Топжарғандар туралы толғау» (2016).

Деятель культуры Казахстана (2008), писатель-журналист, Почетный гражданин г. Аркалыка (2011),

Выставка будет работать в течение года, приглашаем всех желающих ознакомиться с персональной книжной выставкой.



# Өлкенің дарабоз дарыны

Журналист, жазушы Жолмақы Жүнісқатын туғанына 75 жыл

